

АЛҒЫ СӨЗ

«Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті», «Филология: орыс тілі» мамандықтарының студенттері үшін жазылған қазақ және орыс тілдеріндегі «Қазақ сөз өнері/ Казахская словесность» хрестоматиясы көне түрік мифологиясының, қазақ халық фольклорының, қазақ классикалық және қазіргі заманғы әдебиет шығармаларының таңдамалы жинағының, ғылыми және әдеби-сын жұмыстардың үзінділерінен тұрады.

Оқу материалын екі тілде ұсыну аудармашылық құзыреттің, салыстырмалы әдебиеттану қабілетінің қалыптасуына мүмкіндік береді деп есептейміз.

Сонымен қатар, жазушылар мен акындардың кейбір шығармалары көп жылдар бойы зерттеліп, қоғамдық және үй кітапханаларында кеңінен көрсетілсе, басқалары мектептер мен университеттерде жақында ғана енгізіліп, оқу жоспарына енген. Бұл көбінесе авторлардың атауларының тізімін және оқулықта таңдалған жұмыстардың атауларын анықтайды.

Мектеп пен университеттің бағдарламасы бойынша қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбаевтың шығармашылығы, негізінен, пейзаждық және азаматтық лирикалары арқылы көрсетілген және аталмыш хрестоматияға ақынның философиялық және махаббат лирикалары енді. Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, С.Донентаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров секілді «қайтарылған» ақындар мен жазушылардың мәтіндері де топтастырылды.

Хрестоматияның стандарт еместігі ХІХ-ХХ ғғ. орыс классикалық әдебиеттерінен «қазақ этносының әлемі» бейнеленген туындыларды ұсынады. ХІХ ғасырдың басындағы қазақтың шынайы өмірінің сюжеті бейнеленген көркем шығарманы алғаш жазған жазушы В.Даль болды, сондықтан біз «Бикей мен Мәулана» атты әңгіменің үзінділерін қостық. Сондай-ақ, Қазақстан халықтары жазушыларының өкілдері – Д.Снегинің (орыс әдебиеті), Г.Бельгердің (неміс әдебиеті), М.Пактың (корей әдебиеті) шығармалары да енгізілді.

Мәтіндер қазіргі қазақ прозасының өзінің көлемі үлкен болғандықтан ішінара ғана ұсынылған: бұл үзінділер М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Д.Досжанның «Ине ұшындағы өмір» атты шығармаларынан алынған.

К.Прутковтың «ұлылықты түсіну мүмкін емес» деген сөзін еске алып, осы оқулықтың құрастырушылары қазақ жазушыларының кем дегенде бір жұмысымен танысу олардың жеке қасиеттерін түсінуге көмектеседі деп үміттенеді және бұл жазушылардың, акындардың әрқайсысының

шығармашылығы туралы (идея береді) оқырмандардың көзқарастары пайда болады. Бұл хрестоматия оқырмандарға қазақ әдебиетінің сан қырлы әлеміне кол ұшын жеткізіп және әрі қарай тәуелсіз түсінуге қызығушылығын оятатына сенеміз.

Қосымша оқулықтың мақсаты – түпнұсқа тілде сөйлемейтін студенттерге қазақ әдебиеті сабағына материал беру. Хрестоматия қазақ тілін шет тілі ретінде оқитындарға шығармалардың орыс тіліндегі түпнұсқасын аудармалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

«Қазақ сөз өнері/Казахская словесность» хрестоматиясы қазақстандық жоғары оқу орындарының орыс филологиясы студенттеріне арналған авторлық бағдарлама негізінде топтық, семинар немесе жеке сабақтар шеңберінде материалды тікелей меңгеруге арналған қосымша оқулық ретінде құрастырылды. Ол оқытушыға және студенттерге курстардың негізгі тақырыптары бойынша жұмыс істеу үшін қажетті материалдарды, тәжірибелік сабақтардың жоспарын, міндетті және ұсынылатын тақырыптардың тізімін, сонымен қатар «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы» курстарының сұрақтарымен танысуға мүмкіндік беру үшін жасалған.

Г.С.Умарова